



ҚАЛАЛЫҚ ПСИХИКАЛЫҚ  
ДЕНСАУЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

## **Бейімделу және тәлімгерлік орталығы туралы үлгі ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы бейімдеу және тәлімгерлік орталығы туралы үлгі ереже (бұдан әрі – Үлгі ереже) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 220-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді, сондай-ақ Бейімдеу және тәлімгерлік орталықтарының (бұдан әрі - Орталық) медициналық ұйымдардағы мақсаттарын, қызметін ұйымдастыруды, функциялары мен өкілеттіктерін, сондай-ақ жауаптылығын айқындайды.

Бейімдеу және тәлімгерлік орталықтары Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – ҚПДО) құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Медициналық ұйымдар өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Үлгі ережені ескере отырып, бейімделу және тәлімгерлік орталығы туралы ережені бекітеді.

3. Бейімделу және тәлімгерлік орталығы туралы ереже медициналық ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

4. Орталық медициналық ұйымда құрылады және оның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

5. Орталық Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Үлгі ережеге және медициналық ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес жұмыс істейді.

6. Орталық қызметінің негізгі мақсаты медициналық қызметкерлердің, оның ішінде дәрігерлердің, орта және кіші медициналық қызметкерлердің біліктілігін, кәсіби құзыреттілігін және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында оларға кәсіби бейімделу және тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру болып табылады.

7. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Орталық мынадай қызмет бағыттарын жүзеге асырады:

- 1) бейімделу;
- 2) тәлімгерлік;
- 3) кәсіби дағдыларды дамыту;
- 4) психологиялық қолдау;
- 5) бағалау және мониторинг.

8. Орталық өз қызметін медициналық ұйымның бейінді құрылымдық бөлімшелерімен, білім беру мекемелерімен, мемлекеттік органдармен, денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық және кәсіптік бірлестіктермен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

## **2. Орталықтың қызметін ұйымдастыру**

9. Орталыққа басшылықты Орталықтың басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам жүзеге асырады.

10. Орталықтың штатына мыналар кіреді:

- 1) бағыт үйлестірушілері (бейімделу, тәлімгерлік, оқыту, психологиялық қолдау);
- 2) тәлімгерлер (іріктеу өлшемшарттарын сәйкес айқындалады).

## **3. Орталықтың функциялары мен өкілеттіктері**

11. Орталықтың функциясы:

1) жас мамандарға арналған тәлімгерлік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

2) кіріспе тренингтерді, корпоративтік мәдениетпен, медициналық ұйымның құрылымымен, лауазымдық міндеттерімен танысуды, тренингтер мен экскурсияларды қоса алғанда, жаңа қызметкерлерді бейімдеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

3) тәлімгерлер пулын қалыптастыру, олардың қызметін үйлестіру, тәлімгерлердің қамқорлықтағылармен тұрақты кездесулерін қамтамасыз ету, жас мамандарды сүйемелдеу;

4) медициналық көмектің жаңа технологиялары мен стандарттарын қолдануды қоса алғанда, диагностиканың, емдеудің және басқарушылық дағдылардың заманауи әдістері бойынша мамандандырылған тренингтер мен оқытулар өткізу, тәжірибе алмасу үшін тұрақты кездесулер, семинарлар мен тренингтер өткізу;

5) стрессті азайту және эмоционалды күйзелісті болдырмау үшін кәсіби психологтармен жеке консультациялар мен топтық сессияларды қоса алғанда, психологиялық қолдау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

6) бейімделу және тәлімгерлік бағдарламаларының тиімділігін мониторингілеу және бағалау, жас мамандардың құзыреттерін дамытуды тұрақты бағалау;

7) орталықтың іс-шараларын өткізу бойынша құжаттаманы жүргізу;

8) атқарылған жұмыс туралы есептерді дайындау және тәлімгерлік бағдарламаларын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу.

12. Орталықтың:

1) тәлімгерлік және бейімделудің жаңа бағдарламаларын әзірлеуге бастамашылық жасауға;

2) өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға;

3) оқыту іс-шараларын жүргізу үшін сыртқы сарапшылар мен мамандарды тартуға құқығы бар.

13. Орталық:

- 1) тәлімгерлік және бейімделу бағдарламаларының уақтылы және сапалы іске асырылуын қамтамасыз етуге;
- 2) өз қызметі туралы есеп беруге;
- 3) дербес деректердің құпиялылығы мен қорғалу талаптарын сақтауға міндетті.

#### **4. Жауапкершілігі**

14. Орталық осы Үлгі ережеде көзделген қызметтің негізгі бағыттары мен функцияларының сапалы орындалуына жауапты болады.

15. Орталық басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам, сондай-ақ Орталық қызметкерлері тәлімгерлік және бейімделу бағдарламалары шеңберінде ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына және өз қызметінің нәтижелеріне жауап береді.

#### **5. Қорытынды ережелер**

16. Осы Үлгі ережені ұйым басшысы бекітеді және ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

17. Осы Үлгі ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізіледі.